



6<sup>TH</sup> FLOOR  
CARDINAL PLACE  
100 VICTORIA STREET  
LONDON SW1E 5JL  
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales  
Company Number: 5180783

## 2012 жылғы 1 наурыз

### ҚАЗАҚМЫС ТОБЫ 2011 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯ ЕТТІ

Бүгін Қазақмыс Тобы ENRC PLC компаниясындағы Топтың иелігіне тиесілі 26 пайыздық салымды есепке алмағанда, 2011 жылдың 12 айы ішіндегі өндірістік және қаржылық қызметтерінің нәтижелерін жариялап отыр. Осы үлес қоса есептелген қосымша хабарлама 2012 жылдың 27 наурызында жарияланатын болады.

Топтың басқаруындағы бөлімшелердің операциялық қызметтерінен болған EBITDA 1 959 млн АҚШ долларын құрады. Мысты өткізудің орташа бағамы 2010 жылдағымен салыстырғанда, 16 пайызға артып, тоннасына 8756 АҚШ долларына жетті. 2011 жылы басталған науқанның аясында Лондон қор биржасынан әр акцияға орта есеппен 889 пенстен келетіндей 83 млн АҚШ доллары сомасына қарапайым акцияларды кері сатып алу жүзеге асырылды. Директорлар Кеңесі әр акцияға 28 центтен келетіндей жылдық дивиденд төлеуді ұсынып отыр – 2010 жылдағымен салыстырғанда бұл 27 пайызға жоғарылағандығы.

Осыдан бұрынғы 2011 жылдың 12 айы ішіндегі өндірістік есепте айтылғандай, Топтың катодты мыс өндіру көлемі 301 мың тонна болып, меншікті концентраттан өндірілген мыс көлемі 299 мың тонна болып, өндіріс бойынша негізгі жоспарлы көрсеткіштерге жетті. Күміс пен алтынның өндіріс көлемдері жоспарлы көрсеткіштерден артып түсіп, сәйкесінше, 13 млн унция мен 151 мың унция болды. Мырыш өндіру көлемі 140 мың тонна болып шықты. Электр энергиясы нарығындағы электр энергиясына деген тұрақты сұраныс, сонымен қатар, Екібастұз ГРЭС-1 модернизациялау бағдарламасы Топтағы энергетикалық бөлімшенің өндірістік көрсеткіштерін нығайтуын жалғастырып келеді. Екібастұз ГРЭС-1 станциясының электр қуатын өндіруі 15 пайызға артты, әрі электр энергиясын өткізуге деген орташа тариф Екібастұз ГРЭС-1 станциясында алдыңғы жылдағыға қарағанда 20 пайызға жоғарылады.

2011 жылы Қазақмыс Тобы әлеуметтік жобаларға, әсіресе облыстық әкімдіктермен жасасқан меморандумдардың аясында 100 млн-нан астам АҚШ долларын бөлді.

2011 жыл ішінде Топ өндірісті ұлғайту жобаларын дамытуда айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізді. 2011 жылдың тамыз айында Бозшакөл кен орнында игеру жұмыстары басталды, онда қазіргі уақытта су құбырларын тарту және электр тарату желілерін өткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазақмыс осы жылдың екінші жартыжылдығында нәтижелерге қол жеткізуді жоспарлап отырған Ақтоғай кен орнының техникалық-экономикалық негіздемесіне кірісті. 2012 жылдың басында жасалуы және жеткізілуі ұзаққа баратын жабдықтарға тапсырыстар жасалған болатын. Ал жобаны қаржыландыруға Қазақмыс Тобы мен Қытайдың Мемлекеттік Даму Банкінің (ҚМДБ) арасында жасалған келісімнің аясында 1,5 млрд АҚШ доллары тартылды.

Сонымен қатар, Топ орташа даму жобаларын игеру және барлау жөніндегі бағдарламаларда айтарлықтай табыстарға жетті. Қазақмыс шамамен 6 млрд АҚШ доллары сомасына шақталған инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырып отыр, ол дегеніміз, Қазақстандағы өндірісті ұлғайту жөніндегі ең ірі бағдарламалардың бірі.

Қазақмыс Тобының басқарушы Бас директоры Олег Новачук былай деді: “Экономикадағы белгісіздіктерге қарамастан, 2011 жылы мысқа деген сұраныстың үнемі артуы байқалып

отырды. Біз негізгі жоспарлы көрсеткіштерімізге қол жеткіздік, ал 2012 жылы мыс өндірісін өткен жылдағы көрсеткіш деңгейінде болады деп топшылаймыз. Бұрынғысынша, Топтың негізгі міндеттері – шығындарды басқару және қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды одан әрі жоғарылата түсу. Өндірісті ұлғайту жөніндегі біздің жобаларымыз маңызды деген игеру кезеңінде отыр, әрі біз жыл ішінде оның жүзеге асырылуы жайында толықтай ақпарат беріп отырамыз. Ұзақмерзімді келешекте мысқа деген сұраныс болжамы жағымды болып отыр, және де компания тұтыну нарықтарында өте ұтымды орынды иеленіп отыр».

## Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар арқылы хабарласыңыз:

### Қазақмыс

Джон Смэлт	Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +44 20 7901 7882 Тел: +44 78 7964 2675
Ирина Третьякова	Қаржы талдаушысы	Тел: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Алматыдағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +7 727 3304 556
Бақыт Мұқанова	Корпоративтік байланыстар бөлімінің менеджері	Тел: +7 727 3304 556

### Мерлин

Дэвид Саймонсон	Тел: +44 20 7726 8400
Мария Бабкина	Тел: +44 20 7726 8400

---

## РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады.

Қазақмыс Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 17 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан мыс өндіруші болып табылады. Тау-кен өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

«Kazakhmys Mining» бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген он күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

«Kazakhmys Power» ағымды өндірістік қуаттылығы 2500 МВт болып отырған, 4000 МВт құрайтын жобалық қуаттылығына жеткізу үшін модернизациялау бағдарламасын жүзеге асырып отырған Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз ГРЭС-1 көмір электр станциясының 50 пайыздық қатысу үлесіне ие. «Kazakhmys Power» бөлімшесінде «Kazakhmys Mining» бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары мен қосалқы көмір кеніштері бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында және Гонконг қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2010 жылы EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда) көрсеткіші 2,8 млрд. АҚШ долларды құрағанда, Топ өнімдерінің өткізілу көлемі 3,2 млрд. АҚШ доллары болған. Топта шамамен 61 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар.

Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.